

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**



**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**



Ақтөбе қаласы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы (бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 29 қарашада бекітілген 2023 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі негізінде, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Білім беру қызметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сай жүзеге асырылуын анықтау.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында өзін-өзі бағалау 2023 жылғы 8 ақпандағы №5 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы комиссиямен (бұдан әрі-комиссия) өткізілді:

1. Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия төрағасы;
2. Базарбаева Зинаида Игоревна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері;
3. Симанова Шолпан Кадировна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
4. Көшербаева Гулназым Бақытқызы – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі;
5. Ташранова Алия Мухамбеткалиевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1). Білім беру ұйымының аталуы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

(2020-2021 оқу жылында мекеменің атауы «№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК болды, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 маусымдағы №202 қаулысы негізінде мекеме атауы «№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК болып өзгертілді, және де Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашалағы №390 қаулысы негізінде мекеме атауы «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК болып өзгертілді) (Қаулының көшірмелері қоса ұсынылды)

2). Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, индекс: 030014, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, КЕҢЕС НОКИН тұрғын үй алабы, 25 үй.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімінің 2022 жылғы 06 қаңтардағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілді. БСН 990440001600. *(Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама көшірмесі қоса ұсынылды)*

3). Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Телефон: 8(7132)994373,

электрондық пошта: abatova-a@mail.ru

инстаграм парақшасы: akku_sad24,

https://instagram.com/akku_sad24?igshid=YmMyMTA2M2Y=

web-сайт: akku-akt.testim.kz

<https://akku-akt.testim.kz/kz/balaba-sha-zhattary.html>

4). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер):

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі: Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №229 бұйрығымен меңгеруші лауазымына тағайындалды. *(Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық көшірмесі қоса ұсынылды)*

5). Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар (білім беру ұйымының Жарғысы):

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылдың 30 қарашада №390 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 002219196277 *(білім беру ұйымының Жарғысының көшірмесі қоса ұсынылды)*

6). Рұқсат етуші құжаттар (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама):

Рұқсат етуші құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2015 жылғы 17 ақпанда берілген № KZ12XXX00008423.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. *(Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау туралы хабарлама көшірмесі қоса ұсынылды)*

2. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында 13 педагог қызмет етеді. 12 педагогтің тиісті бейін бойынша жоғары білімі бар. Бір педагогтің (Симанова Шолпан Кадировна) Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша жоғары білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар. Және де "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік пен сертификат алды. (куәлік №751, сертификат №0859253)

Базалық білімі жоқ педагогтер №24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында жоқ. *(педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес кесте және штаттық кесте көшірмесі берілді және педагогтердің диплом көшірмелері мен сертификат көшірмесі ұсынылды)*

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Білімі, бітірген оқу орны, мамандығы
1	Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна	Меңгеруші	1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, Орыс тілі пәнінің мұғалімі 2. "Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми-әдістемелік орталығы", Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, мерзімсіз қайта даярлау курсы
2	Базарбаева Зинаида Игоревна	Әдіскер	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
3	Симанова Шолпан Кадировна	Тәрбиеші	1. Ақтөбе педагогика училищесі, Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие 2. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі 3. Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми-әдістемелік орталығы", Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, мерзімсіз қайта даярлау курсы

4	Көшербаева Гулназым Бақытқызы	Тәрбиеші	Баишев Университеті, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5	Ташранова Алия Мухамбеткалиевна	Тәрбиеші	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
6	Карамульдина Жанагуль Игликовна	Тәрбиеші	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
7	Юлдашова Галия Хабидуллаевна	Тәрбиеші	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
8	Калиева Канымкуль Жадырасыновна	Тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
9	Абдиреева Толганай Оразғалиевна	Тәрбиеші	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
10	Утенова Жанаргул Нурлановна	Тәрбиеші	Баишев Университеті, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
11	Абаева Ару Алмасқызы	Музыка жетекшісі	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Музыкалық білім
12	Жолболдин Найман Айғалиұлы	Дене шынықтыру жетекшісі	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Дене шынықтыру және спорт
13	Ұлықпанова Гүлзәт Мүбәракқызы	Психолог	Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Психология

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 2-тарау, 21,22 тармақтарына сәйкес педагогтердің тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімдері бар. Базалық білімі жоқ педагогтер жоқ.

2) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы, кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – жоғары білімді, 2023 жылдың ақпан айында «басшы-көшбасшы» біліктілік санатын алуға өтініш беріп, наурыз айында аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті, сәуір айында екінші кезеңіне барады.

Екі педагог (Симанова Ш.К. және Көшербаева Г.Б.) – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты педагогтер. Олар «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2019 жылғы 6 маусымдағы №198 бұйрығымен және 2018 жылғы 29 наурыздағы №89 бұйрығымен берілген. Екеуі де 2022-2023 оқу жылының ақпан айында «педагог-сарапшы» және «педагог-модератор» біліктілік санаттарын алуға өтініш беріп, наурыз айында аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті, сәуір айында екінші кезеңіне барады.

Педагог Калиева К.Ж. «Ақтөбе қаласыны білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №23 бұйрығымен «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

Педагог Юлдашова Г.Х. «Ақтөбе қаласыны білім бөлімі» ММ-нің 2020 жылғы 14 мамырдағы №441 бұйрығымен «бірінші» біліктілік санатын алды.

Бес педагог біліктілік санаттарын 2017 жылы алған еді. 2022 жылы Біліктілік тестілеуден жеткілікті балл жинай алмауына байланысты №24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасының 2022 жылғы 1 маусымдағы № 34-2 бұйрығымен біліктілік санаттары «педагог» санатына төмендетілді. Олар 2022-2023 оқу жылының ақпан айында алдағы аттестаттау кезеңіне «педагог-модератор» біліктілік санаттарын алуға өтініш беріп, наурыз айында аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті, сәуір айында екінші кезеңіне барады.

Қалған үш педагог - балабақшаға биыл орналасқан, жас мамандар. *(педагогтердің біліктілік санаттарын арттыру туралы куәліктерінің көшірмелері ұсынылды)*

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Санаты	Ескерту
1	Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна	Меңгеруші	Педагог	«басшы-көшбасшы» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
2	Базарбаева Зинаида Игоревна	Әдіскер	Педагог	«педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
3	Симанова Шолпан Кадировна	Тәрбиеші	Жоғары санат	«педагог-модератор» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
4	Көшербаева Гулназым Бақытқызы	Тәрбиеші	Жоғары санат	«педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
5	Ташранова Алия Мухамбеткалиевна	Тәрбиеші	Педагог	«педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
6	Карамульдина Жанагуль Игликовна	Тәрбиеші	Педагог	«педагог-модератор» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
7	Юлдашова Галия Хабидуллаевна	Тәрбиеші	Бірінші санат	«Ақтөбе қаласыны білім бөлімі» ММ-нің 2020 жылғы 14 мамырдағы №441 бұйрығымен берілді
8	Калиева Канымкуль Жадырасыновна	Тәрбиеші	«Педагог- модератор»	Ақтөбе қаласыны білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №23 бұйрығымен берілді

9	Абдиреева Толганай Оразгалиевна	Тәрбиеші	Педагог	Денсаулығына байланысты келесі аттестаттау кезеңіне қалды
10	Утенова Жанаргул Нурлановна	Тәрбиеші	Педагог	«педагог-модератор» біліктілік санатын алуға аттестаттаудың бірінші кезеңінен өтті
11	Абаева Ару Алмасқызы	Музыка жетекшісі	Санаты жоқ	Жас маман
12	Жолболдин Найман Айғалиұлы	Дене шынықтыру жетекшісі	Санаты жоқ	Жас маман
13	Ұлықпанова Гүлзәт Мүбәракқызы	Психолог	Санаты жоқ	Жас маман

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 2-тарау, 24 тармағына сәйкес педагогтер біліктілік санатының деңгейін арттырып тұрады.

3) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасының педагогтері «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби Даму институты»-нан біліктілікті артыру курстарынан уақытылы өтіп, сертификаттар алды.

№	Педагогтің аты-жөні	Курстан өткен мерзімі	Сертификат нөмірі	Курстан өткен орны
1	Жанжигитова Ф.Ж.			
2	Базарбаева З.И.	22.02-05.03.2021	№0375162	«Өрлеу» БАҰО
3	Симанова Ш.К.	06.02-16.02.2023	№0544407	«Өрлеу» БАҰО
4	Көшербаева Г.Б.	23.05-02.06.2022	№0486434	«Өрлеу» БАҰО
5	Ташранова А.М.	22.02-05.03.2021	№0375184	«Өрлеу» БАҰО
6	Карамульдина Ж.И.	03.05-14.05.2021	№0408405	«Өрлеу» БАҰО
7	Юлдашова Г.Х.	20.02-02.03.2023	№0544524	«Өрлеу» БАҰО
8	Калиева К.Ж.	08.04-19.04.2019 03.04-14.04.2023	№0325558 Өтіп жатыр	«Өрлеу» БАҰО «Өрлеу» БАҰО
9	Утенова Ж.Н.	18.04-28.04.2022	№0485651	«Өрлеу» БАҰО
10	Абдиреева Т.О.	03.05-14.05.2021	№0408402	«Өрлеу» БАҰО
11	Жолболдин Н.А.	31.01-11.02.2022	№0444605	«Өрлеу» БАҰО
12	Абаева А.А.	13.03.-24.03.2023	№0544681	«Өрлеу» БАҰО
13	Ұлықпанова Г.М.	03.04.-14.04.2023 09.03.-24.03.2023	Тіркеліп қойды №0017035	«Өрлеу» БАҰО

Бір педагог (Калиева К.Ж.) «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби Даму институты»-нан 2023 жылдың 3 сәуірден бастап біліктілікті артыру курсынан өтіп жатыр.

Сонымен қатар, педагогтер «Өрлеу» БАҰО АҚФ «Ақтөбе облысы бойынша КДИ», Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының, «Педагог» мектепке дейінгі тәрбие әдістемелік кеңес беру орталығының, Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен өткен курстарға, семинарларға қатысып, біліктіліктерін арттыруда. (педагогтердің біліктілік

арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттарының көшірмелері ұсынылды)

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 2-тарау, 24 тармағына сәйкес педагогтер біліктіліктерін уақытылы арттырып тұрады.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

3.1.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы 5 күндік жұмыс аптасымен, балалардың 10,5 сағат болуымен жұмыс жасайды. Барлығы төрт топ бар, топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталған.

2020-2021 оқу жылында - екі ортаңғы топтар және екі ересек топтар;

2021-2022 оқу жылында - екі ортаңғы топтар және екі ересек топтар;

2022-2023 оқу жылында - бір кіші, бір ортаңғы, екі ересек топтар жасақталды. *(тәрбиеленушілердің тізімі Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес кесте берілді)*

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ. *(ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің болмағандығы туралы анықтама қоса берілді)*

Қорытынды: Топтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 4,6 тармақтарына сәйкес жасақталды.

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталды және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 7 тармағына сәйкес толықтырылды:

2022-2023 оқу жылында кіші топта 20 бала, ортаңғы топта 25 бала, ересек топтарда 25 баладан толықтырылды. *(тәрбиеленушілердің тізімі Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес кесте берілді)*

Қорытынды: Жас топтары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 7 тармағына сәйкес толықтырылды

3) әр түрлі жас топтарының болуы

2020-2021 оқу жылы мекеменің атауы «№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК болды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 5 тармағына сәйкес үш жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі

балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылды, яғни, ортаңғы (3 жастан бастап) және ересек (4 жастан бастап) топтар болды.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 маусымдағы №202 қаулысы негізінде мекеме атауы «№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК болып өзгертілді, 2021-2022 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 5 тармағына сәйкес үш жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылды, яғни, ортаңғы (3 жастан бастап) және ересек (4 жастан бастап) топтар болды.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашалағы №390 қаулысы негізінде мекеме атауы «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК болып өзгертілді, 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 5 тармағына сәйкес бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылды, яғни, кіші (2 жастағы балалар), ортаңғы (3 жастағы балалар) және ересек (4 жастағы балалар) топтар бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 5 тармағына сәйкес жас топтары жасақталды.

4) Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасына тәрбиеленушілер «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен balabagsha.akt.kz сайтына орналастырылған бос орындарға сәйкес «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің жолдамалары негізінде қабылданады.

Әр оқу жылының басында тәрбиеленушілердің жас кезеңдеріне қарай жас топтары жасақталады. Оқу жылының соңында тәрбиеленушілер келесі жас топтарына көшіріледі. Тәрбиеленушілердің қозғалысы бойынша балабақша меңгерушісі тарапынан бұйрықтар шығарылып отырылады және тәрбиеленушілердің қозғалысы кітабына тіркеліп отырылады. *(тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы бұйрықтардың көшірмелері және мектепке кететін балалар туралы Акт көшірмелері ұсынылды)*

Қорытынды: тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 13 тармағына сәйкес қабылданады

5) Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәлімет:

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің комиссия отырысының хаттамасының көшірмесі ұсынылды

Қорытынды: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің комиссия отырысының шешімі негізінде №24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылады

3.2. Тәрбие әне оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында төрт топ жұмыс жасайды.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында екі ортаңғы және екі ересек топтар жасақталды: ортаңғы топтарға 3 жастан бастап, ересек топтарға 4 жастан бастап балалар жинақталды.

2022-2023 оқу жылында бір кіші топ, бір ортаңғы топ және екі ересек топтар жасақталды: кіші топқа 2 жастағы балалар, ортаңғы топқа 3 жастағы балалар, ересек топтарға 4 жастағы балалар жинақталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 7 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 25 тармағы талабына сәйкес жас топтары жасақталды

2) 1 сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі 1 қыркүйек - 31 мамыр аралығында жүргізілді. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ортаңғы топтарының тәрбиеленушілері (3 жастан бастап) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 4 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ересек топтарының тәрбиеленушілері (4 жастан бастап) 5 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында кіші тобының тәрбиеленушілері (2 жастан бастап) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 3 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ортаңғы тобының тәрбиеленушілері (3 жастан бастап) 4 тарау бойынша бағдарлама

мазмұнын игерді, ересек топтарының тәрбиеленушілері (4 жастан бастап) 5 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді.

Қазан айынан бастап кіші тобының тәрбиеленушілері (2 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 2 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ортаңғы тобының тәрбиеленушілері (3 жастағы балалар) 3 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ересек топтарының тәрбиеленушілері (4 жастағы балалар) 4 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасынан 2020-2021 оқу жылының соңында ересек топтарынан №65 жалпы білім беретін орта мектебінің және Благодар орта мектебінің мектепалды даярлық сыныптарына 44 тәрбиеленуші шығарылды. Тәрбиеленушілердің шығарылғаны туралы Акт жасалып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-не тапсырылды.

2021-2022 оқу жылының соңында ересек топтарынан №65 жалпы білім беретін орта мектебінің және Благодар орта мектебінің мектепалды даярлық сыныптарына 33 тәрбиеленуші шығарылды. Тәрбиеленушілердің шығарылғаны туралы Акт жасалып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-не тапсырылды. *(тәрбиеленушілерді шығару туралы Акт пен бұйрық көшірмелері ұсынылды)*

Қорытынды: 1 сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 20 тармағы талабына сәйкес келеді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

- 1) жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі**

Әр оқу жылының басында оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары құрылып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен келісіліп, бекітіледі.

2020-2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)* сәйкес құрылды.

Ортаңғы топтарда (3 жастан бастап) апталық оқу жүктемесінің көлемі - 11 сағат және 1 сағат вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -15-20 минут,

ересек топтарда (4 жастан бастап) апталық оқу жүктемесінің көлемі - 12 сағат және 2 сағат вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 20-25 минут.

2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) сәйкес құрылды.

Ортаңғы топтарда (3 жастан бастап) апталық оқу жүктемесінің көлемі - 11 сағат және 1 сағат вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -15-20 минут,

ересек топтарда (4 жастан бастап) апталық оқу жүктемесінің көлемі - 12 сағат және 2 сағат вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -20-25 минут.

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) сәйкес құрылды.

Кіші топта (2 жастағы балалар) дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ортаңғы топта (3 жастағы балалар) дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.
(2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері ұсынылды)

Қорытынды: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды.

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасында 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (енгізілген өзгерістермен) сәйкес жүзеге асырылды.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) сәйкес перспективалық жоспарлар құрылды.

